




ВІД ТИПІ ВАЛЮТНИХ КОРІБОК. ТОВ БОДІГ ЧУЛІН - ІМІ ПЕСІВЧИХ КОРІБОК



УДОСТОВІРЧИЙ ПОРТАЛ

oazis@ukr.net@mail.ru

Сәбит ДОСАНОВ: ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР БОЛАДЫ

Кейкі батыр тойында туған толғау



Кейкі батырдың бас сүйегін жерлеу рәсімі

Бұл адамдар мәңгі өшпейтін,

Жүрек пенен көңілден,

Тірі жүрсе жол сілтер еді,

Ай-жүлдыз боп көгіңнен.

Олжас Сүлейменов

Елін сүйіп ер болған, 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі, Аманкелдінің қарулас досы, халық Кейкі атап кеткен Нұрмамбет Қекембайұлының бостандық жолында кесілген басын туған жер топырағына тапсыруға арналған іс-шара ұтымды ұйымдастырылып жоғарғы деңгейде өтті. Тоқсан бес жылдан кейін салтанат құрған әділеттіктің ақжарма тойына Мелекеттік хатшы Гүлшара Наушақызы Әбдіқалықованың Астанадан арнайы келіп қатынасуы бұл ұлы жиынға мемлекетіміздің қаншалықты мән бергеніне айқын айғақ.

«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауының арқасында былтыр баһадүр бабаның бас сүйегін қайтару туралы келісімге қол жеткені белгілі. Бұл Мемлекет басшысының халықаралық биік беделін тағы бір айшықтады, – деді Кейкі батырдың бас сүйегін туған жер топырағына табыс етуге арналған

митингіде Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова. – XX ғасырда бабалардың ерлік дәстүрін жалғастырған, сайыпқыран мерген Кейкі батыр тұлғасының ерекшелігі – ол өз заманында егескен екі жүйеге емес, елжүртына қызмет еткендігі, есесі кеткеннің жоғын жоқтап, зорлық көрген жандарды жақтап өткен әділеттіліктің жаршысы бола білуінде еді. Тәуелсіз мемлекет тарихында осындай ерлердің ерлердің ерен істерінің ізі жатыр.

Елін сүйіп, ер болған бүкіл өмірі ат үстінде өткен Кейкі батыр жайлыш ойлағанда менің есіме жарты әлемді жаулаған ұлы стратег Шыңғыс ханның Қарақорымның қызыл гранитіне ойып жазылған: «Өзін кемсітуге жол бермеген адам – нағыз адам» деген сөзі оралады. Осы бір сөзге Кейкі батырдың бар болмысы, нар тұлғасы сыйып тұр. Оған орнатылған келісті кесенені күннің өзі нұр шығыласын төге сүйіп тұр.

Батырдың ортамызға оралған бас сүйегі Шандор Петефи сөзімен:

Өлген соң да ораламыз рух бол.

Шыға келіп шайқасамыз көрден біз, –

деп тұрғандай.

Қараңыздаршы, Кейкі аңсаған тәуелсіз Елдің аспанында жарқыраған қандай!

Ерлік ешқашан ескірмейді. Кешегі кеңестік дәуірде де халқымыз түрлі бас қосуларда Кейкі атамыз туралы айтып жүрді. Оның аты ешқашан аталмады деген

кәте сөз. Рас, баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода ол жөнінде айтылған жоқ. Бірақ, халықтың өз ішінде Кейкінің ерлігі аңызға айналды. Ол туралы әсіресе, батырды көзі көрген мыңбасылар мен жұзбасылар, сарбаздар көп айтушы еді.

Ол туған елін қорғады. Елінің азаттығы мен Тәуелсіздігі үшін құресті. Халқымыздың оған риза болатындығы – ол ақ патшага да, актарға да, қызылдарға да бұрылған жоқ. Алған бетінен қайтпады. Онда бір ғана мақсат болды. Ол мақсат – елінің Тәуелсіздігін алу үшін құрес.

Кейкі батыр – біздің атамыз! Біз ол кісінің ерлігімен сузындал өстік. Ата-әкелеріміз бен әже-аналарымыз оның ерліктерін қаршадай күнімізден жүрегімізге сіңірді. Содан болар өз басым Кейкі атамыз туралы ешқашан жаман сөз айтқаным жоқ. Оны әрдайым ұлықтадым. Алла қаласа, алдағы уақытта атамыздың ерліктері туралы жазсам деген ниет бар. Оны бір Алла біледі.

Менің қуанышым шексіз. Себебі, Кейкі атам өзінің қазақ еліне оралды. Енді қазақтың рухы көтеріледі. Тағы бір арман – Кенесары атамыздың басын да елге оралтсақ – ұпайымыз түгенделер еді. Онда қазақтың рухы аспанмен астасар еді. Туған елім – Қостанай облысының халқына, облыс әкімі Архимед Бегежанұлы Мұхамедовке, облыстық мәслихаттың хатшысы Сайлаубек Есжановқа, Аманкелді ауданының әкімі Нұржан Өтегеновке Кейкі батыр арағына қалтқысыз қызмет еткен барша азаматтарға халықтың алғысы шексіз. Аспаннан Алланың нұры жауып алдымыздан ақ күн туда берсін!

«Если так случится и я умру, то смерть получит лишь мой труп, мои кости, но сердца своего я смерти не отдам», – депті Эфенди Капиев.

Осыған орайластыра айтсақ адамзаттың дүшпаны арсыз ажал азаттық жалындағы ұлы құрескер Кейкінің тәнін алғанмен оның халқын сүйген қаһарман жүргегін ала алмады. Сол ұлы жүрек бүгін бізге Тәуелсіздік үшін құресуді көрсетіп тұрғандай.

«Тәуелсіздікті алудан оны сақтап қалу көп қыын. Алла тағаланың қазақ халқына берген баға жетпес екі бақыты бар: оның бірі – жаннан да тәтті, қаннан да қымбат Тәуелсіздік, бірі – Тәуелсіздіктің көп байрағын берік ұстап халықты баянды бақытқа – «Нұрлы жолмен», «Мәңгілік Елге» бастап келе жатқан кемел ойлы кеменгер Елбасы – ұлт көшбасшы Нұрсұлтан Назарбаев!

Кейкі батырға арналған іс-шара Президенттің: «Рухани жанғыру» атты үндеуі мен үндес, жасты да, жасымысты да ерлікті қастерлеуге. Елді сүюге жетелейтін жетелі, жемісті жұмыс.

Азаттық алып аңсаған жеттік күнге біз,

Қуанышты да, қындықта да біргеміз.

Бөлінгенді бөрі жерін ұмытпа.

Сызат түсіп сөгілмесін іргеміз!

Сәбит Досанов,

жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың, М.Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты